

Торайғыров университетінің  
ҒЫЛЫМИ ЖУРНАЛЫ

НАУЧНЫЙ ЖУРНАЛ  
Торайғыров университета

---

**ТОРАЙҒЫРОВ  
УНИВЕРСИТЕТІНІҢ  
ХАБАРШЫСЫ**

**Филологиялық серия**  
1997 жылдан бастап шығады



**ВЕСТНИК  
ТОРАЙҒЫРОВ  
УНИВЕРСИТЕТА**

**Филологическая серия**  
Издается с 1997 года

ISSN 2710-3528

№ 2 (2022)

Павлодар

**НАУЧНЫЙ ЖУРНАЛ  
ТОРАЙГЫРОВ УНИВЕРСИТЕТА**

**Филологическая серия**

---

выходит 4 раза в год

**СВИДЕТЕЛЬСТВО**

О постановке на переучет периодического печатного издания,  
информационного агентства и сетевого издания

№ KZ30VPYU00029268

выдано

Министерством информации и общественного развития  
Республики Казахстан

**Тематическая направленность**

публикация материалов в области филологии

**Подписной индекс – 76132**

---

<https://doi.org/10.48081/AHDL2386>

**Бас редакторы – главный редактор**

Жусупов Н. К.

*д.ф.н., профессор*

Заместитель главного редактора

Анесова А. Ж., *доктор PhD*

Ответственный секретарь

Уайханова М. А., *доктор PhD*

**Редакция алқасы – Редакционная коллегия**

Дементьев В. В., *д.ф.н., профессор (Российская Федерация)*

Еспенбетов А. С., *д.ф.н., профессор*

Трушев А. К., *д.ф.н., профессор*

Маслова В. А., *д.ф.н., профессор (Белоруссия)*

Пименова М. В., *д.ф.н., профессор (Российская Федерация)*

Баратова М. Н., *д.ф.н., профессор*

Аймухамбет Ж. А., *д.ф.н., профессор*

Шапауов Ә. Қ., *к.ф.н., профессор*

Шоқубаева З. Ж., *технический редактор*

---

За достоверность материалов и рекламы ответственность несут авторы и рекламодатели

Редакция оставляет за собой право на отклонение материалов

При использовании материалов журнала ссылка на «Вестник Торайгыров университета» обязательна

© Торайгыров университет

<https://doi.org/10.48081/SWVQ7240>**\*Ж. А. Құсайынова<sup>1</sup>, С. Н. Сәменова<sup>2</sup>**<sup>1,2</sup>С. Сейфуллин атындағы Қазақ агротехникалық университеті

Қазақстан Республикасы, Нұр-Сұлтан қ.

Е. А. Бөкетов атындағы Қарағанды университеті

Қазақстан Республикасы, Қарағанды қ.

## **ГРАММАТИКАЛЫҚ СИНОНИМДЕРДІҢ КОНТЕКСТІК-МОДАЛЬДІК ҚЫЗМЕТІ**

*Ғылыми мақалада грамматикалық синонимдердің мәтін аясындағы қалыптасу ерекшелігі және олардың субъективтік модальділіктің ішкі реңктерін жасауға қосар үлесі талданды. Аталмыш қолданыстардың семантикалық дамуына, коннотациялық реңктерге ие болуына әсер ететін тілдік емес уәждердің, яғни ұлттық таным-түсініктің, ұлттық діліміздің, әлеуметтік ортаның ықпалы дәйектелді. Сонымен қатар, грамматикалық синонимдердің мәтін аясындағы функциясы негізінде талдаулар жасалып, субъективтік модальділікке қатысты теориялық тұжырымдар кеңейтілді. Атап айтсақ, субъективтік модальділіктің ішкі мөндерін қалыптастыруға ұйытқы болатын бір ғана «өмір» грамматикалық синонимінің семантикалық модельдері кешинді жүйеде сараланып, модальділік санатының күрделі грамматикалық құрылымын ажыратуда мәтін деңгейіндегі салыстырулардың қажеттілігіне назар аударылды. Яғни, аталған заңдылықтың өзіндік құрылымы, дербес жасалу жолы бар, мәтіндегі семантикалық шеңбер аясында жүйеленетін күрделі, ауқымды заңдылық екені сараланды. Грамматикалық синонимдердің мәтіндегі түрленуімен сабақтастыра отырып, субъективтік модальді мәннің үнемі ашық тірек құрылымдар арқылы жүйелене бермейтіндігіне мән берілді. Бұл тұста астарлама қызметіндегі синонимдердің сөйлеу тіліндегі қызметі негізгі талдау нысаны ретінде сипатталды. Нәтижесінде грамматикалық синонимдердің қатысымдық мүмкіндіктері этнолингвистикалық уәждер әсерінен кең өріс алып, модальді мәннің жасалу жолын кеңітетіні дәлелденді.*

*Кілтті сөздер: контекст, грамматикалық синонимдер, субъективтік модальділік, лингвомәдени уәждер, модальді реңк.*

### **Кіріспе**

Сөйлеу тілінде жиі көрініс беретін грамматикалық синонимдер – субъективтік модальділікті айқындаудың белсенді тәсілдерінің бірі. Сондықтан олардың мәтіндегі функциясы әрі модальді реңктерді түрлендіру қызметі арнайы талдауды қажет етеді.

Ұсынылған ғылыми мақалада грамматикалық синонимдердің субъективтік модальділікке қатысты функциясын мәтін аясында талдауға назар аударылды. Аталған қолданыстардың жасалуы, оларға әсер ететін лингвомәдени уәждердің көрінісі, мәтін аясындағы грамматикалық амалдардың мүмкіндіктері және модальді мәндердің жасалуының ішкі бірлікте қарастырылуы осы бағыттағы өзекті мәселелерді ғылыми тұрғыдан саралауға негіз болары анық.

### **Әдістері мен материалдары**

Зерттеу барысында жинақтау, салыстыру, талдау әдіс-тәсілдері кеңінен қолданыс тапты. Теориялық тұжырымдарды саралау үшін, көркем әдебиеттен алынған материалдар негіз болды.

### **Нәтижелері мен талдамасы**

Жалпы, әдеби тіліміз кемелденді дегенмен, адамның әлем туралы танымы кеңіп, толыққан сайын сөз мағынасы да даму үстінде болады. Лексикалық бірліктердің осылайша семантикалық тұрғыдан жаңаруына ұлттық дүниетанымның, ұлттық түсініктің, ұлттық пайымдаудың ықпалы болатыны белгілі. Бұл туралы А. Салқынбай: «...ұлттық мәдени ерекшелік сөз мағынасының өн бойында көрініс табады да, ол мағынаның денотаттық және сигнификаттық, коннотациялық компоненттері арқылы анықталады. Сондықтан тілдік бірліктерді жеке қалпында емес, лингвомәдени аспектіден зерттеу олардың өзара байланысын анықтауда маңызды саналуы тиіс. Осы орайда, ұлттық мүддеге негізделген таным мен түсінікті жеке тілдік құралдар арқылы да анықтауға болады. Сөз мағынасының дамуы арқылы жасалған атаулар осы ұлттық таным мен түсініктің, пайымның деңгейінде жүзеге асады»,– деп тұжырымдайды [1, 92].

Сонымен, сөз мағынасының танымдық шеңберде кеңеюінен ауыспалы тіркестер, коннотациялық құрылымдар қалыптасады. Ауыспалы мағыналы сөздер субъектінің дүниетанымының, соған сәйкес өзіндік тұжырымдарының тілдегі көріністері болып табылады. Демек, мұндай қолданыстарды автор-субъектінің танымдық білімінің нәтижесі ретінде қабылдаймыз. Олардың сөйлеу әрекетіндегі қызметі де күрделі. Яғни, сөйлеушінің өзіндік мәнерін, стилистикалық айшықтау астарынан көрініс табатын субъективтік көзқарасын даралау т.б. мақсаттарды өтейді. Біз қарастырған грамматикалық синонимдер де – осындай тілдік процестің жемісі.

Әрине, олардың сөйлеу тіліндегі мағынасын өзектендіруде мәтіннің ықпалы басым. Кейде мәтіннен тыс көп функциялы грамматикалық синонимдердің модальділікке қатысы тұрғысынан қандай мақсатта қолданылып тұрғанын ажырату қиындық тудырып жатады. Бұл мәселелер грамматикалық синонимдерді мәтін аясындағы семантикалық байланыста қарау қажеттігіне назар аудартады.

Жинақталған мысалдарға сүйенсек, поэзиялық мәтіндерде «өмір» сөзінің контекстік-коннотациялық модельдері бірнеше бағытта таралған. Олар келесідей: *«тағдыр», «ғұмыр бәйге», «ғұмыр-құмай», «дода», «бескүндік», «базар-жалған», «келте ғұмыр», «зырлауық күн», «қызыл түлкі-тірлік», «дүние», «көркем дүние», «сәуле», «жарық нұр», «балалық бал ғұмыр», «уақыт-көктем», «дүрбелең» т.б.*

Алдымен аталған грамматикалық синонимдердің сапалық деңгейін сараласак, бірі концепт деңгейіне көтерілсе, екіншісі сөйлеу тіліндегі синонимдік модельдерді толықтырады.

Жалпы, концепт деңгейінде құрылым түзу үшін, тілдік бірліктер ұлттық стереотипті айқындайтын бірнеше ақпаратты жинақтап тұруы шарт. Яғни, тұтас бір ұлттың мінезін, дүниетанымдық көзқарасын айшықтайтын бірнеше мағынаны жинақтап көрсететін қабілеті болу керек.

Концепт теориясын тіл тұтынушының субъективтік көзқарасынан жалқылап талдай алмаймыз. Себебі адамның дүниетанымдық көзқарасы – концептінің құрылымдық жүйесін қалыптастыратын басты фактор. Нақтырақ айтсақ, концепт құрылымы әрбір жеке субъектінің қоршаған ортадағы құбылыстарды пайымдауынан көрініс тауып, тұтас ұлттық көзқарасты біріктіретін ақпараттарды жинақтай келе қалыптасады. Яғни, концепт әрбір тіл тұтынушының жеке көзқарасынан бастау алып қалыптасқан мол мәліметтер жиынтығынан құралады. Бұған қатысты В. Н. Теля: «Концепт – біздің сол нысан туралы білетініміздің барлық жиынтығы, экстенциясы» – дейді [2, 97]. Бұл бағыттағы пікірімізді зерттеуші С. Жапақовтың ғылыми дәйектемелерімен де бекітуге болады. Ғалымның ойынша, «концепт дегеніміз индивидтің, тілдік ұжымның, лингвистикалық қоғамдастықтың ақиқат туралы білім жүйесі болып табылады» [3, 47].

Сонымен, концепті құрылымының қалыптасуы халқымыздың танымдық түсінігімен және оған жалғасатын мәдениетімен ұштасады. Осы бағытта жинақталған мысалдардың ішінен концепт дәрежесіне көтерілген «өмір» сөзінің мәтін аясында көрініс беретін бірнеше құрылымдық тармақтарын және танымдық астарын сипаттауға болады.

Танымдық тұрғыдан сараласак, төмендегі поэзия мәтнінде ақынның «базар-жалған, «бескүндік» концептілік дәрежедегі қолданыстары халқымыздың «Өмір қамшының сабындай», «Көп жасап, күміс болғанша

аз жасап, алтын бол» деген даналы ойларымен үндесе қалыптасқанын аңғарамыз. Ал контексте автор осындай тұжырымдары арқылы өзі өмір сүрген қоғамдағы құбылыстарды бағалай келе, күдіктену, құптамау сияқты модальді реңктерін өзектендіруге қолданылған.

Бас қойдырып мөлдір сезім-бұлаққа,  
Ей, тағдырым, жүрегіме кінә артпа,  
**Базар-жалған**, Қодар қазған ешқашан,  
Күдігіңнің құдығына құлатпа [4, 79].

Бес тәңір шыңы безеріп қалды тіл қатпай,  
Бетегелі бел көнін қатырып тулақтай,  
**Бескүндігіңе** бұлдадың ба екен бірдеңе,  
Бес тиынға да тұрмайтын дүние-қымбаттай [4, 87].

Келесі мәтінде автор «өмір» сөзін «қызыл-түлкі тірлік» концепті деңгейіндегі нұсқамен ауыстырған. Сөйлеу тілінде бұл қолданыс субъектінің ішкі күдікті көзқарасынан туындаған көңіл-күйін жеткізуге тірек болғаны байқалады. Бұл астарлама халқымыздың «Адаспаймын деген жігіт талтүсте адасады», «Адам аласы ішінде, мал аласы сыртында» сияқты мақал-мәтелдердегі астарлы философиялық ойларымен мазмұндас.

Сәттерімде жүрегіме тіл біткен,  
Жан дүнием алай-дүлей дүрліккен.  
Көктің жүзі күреңіте бастаса,  
Күдер үзем **қызыл-түлкітірліктен** [4, 35].

Тілдік белгінің сөйлеу тіліндегі қолданыстық сипаты, сыртқы, ішкі ықпалдардың барлық ерекшелігін қабыстыра, салыстыра қарайтын мәтін аясындағы қызметі ұлттық көзқарастың, қабылдаудың ықпалымен түрленеді. Яғни, сөз мағынасының өзгеруі, семантикалық өрісінің кеңеюі – прагматикалық, психолингвистикалық, этнолингвистикалық заңдылықтардың кешенді әсерінен қалыптасатын, бірнеше сатылық даму жолдары бар, күрделі үдеріс. Сөйлеу тілінде кез келген семантикалық бірлік мәтіндегі басқа сөздермен (өзі қолданылған сөйлем ішінде немесе сөйлемаралық байланыстағы) белгілі бір семантикалық жүйе түзіп, сол кеңістікте қозғалады. Бұл грамматикалық кеңістікте барлық семантикалық бірліктер ішкі байланыста болады да, көп мағыналы қасиетке, бірнеше қызметтік мүмкіндікті меңгеруге, бастапқы мағынасынан бөлек ауыспалы, коннотаттық, прагматикалық мағыналарда түрленуге, яғни функционалды деңгейде өсуге мүмкіндік алады. Осындай семантикалық ұйысым

зандылығына бағынған синонимдердің келесі тобы «өмір» концептісінің лексикалық модельдерінің қатарын толықтырады. Мәселен, төмендегі өлең жолдарында автор «өмір» сөзін «ғұмыр бәйге» түрінде қолданады. Қазақ халқының философиясында өмір белесінің күш-қайратқа, жігерге толы шағын ерекше жоғары бағалайды. Бұған қатысты ата-бабамыздан «Отызында орда бұз, қырқында қамал ал» деген өмірлік пайымдаулары қалған. Мәтіндегі автор көзқарасы осындай ұлттық пайымдаудың жалғасы іспеттес. Автордың болашаққа деген сенімді, үмітті көзқарасы «өмір» сөзінің семантикалық өрісін осылайша кеңіткен. Бұл қатарды «дода» семантикалық тармағы да кеңітеді.

Маң дала жатыр мәресін айтып меженің,  
Қамшымды сермеп, ұрандап тілді безедім,  
Қаршадайынан тақымын тайға бекіткен,  
**Ғұмыр-бәйгенің** өзімше шабандозы едім [4, 48].

Апам: «Сақта, Құдай!...» – деп күбірлеп,  
Тербететін жанымды қыдыр-бесік,  
**Додаға** ендім күйғыта шапқан күйде,  
Домбыраға жырыммен дүбір қосып [4, 54].

Ақын өлеңдеріндегі «өмір» семасының семантикалық тармақтары болып табылатын, «тірлік» «дүние» нұсқалары мен «сәуле», «зырылдауық күн» семантикалық өрістерінің жасалу жолдары да, субъективтік көзқарасты астарлау деңгейі де бірдей емес. Алдыңғысында кеңіту, ұлғайту мәндері басым да, соған сәйкес «өмірдің ұзақ белестері» деген субъективтік ой түйінделеді. Ал соңғысында жалқылау, кішірейту реңкі бар да, соған сәйкес «өмір қысқа» ұлттық философиялық ойды астарлайтын субъективтік көзқарас орныққан.

Қатты ұйықтауға қорқамын, ал, неліктен,  
Сөніп қалатұғындай сәуле біткен,  
Мен көз ілсем, жұлдыз да, ай да сөніп,  
Айрылардай қара түн бар көріктен [4, 66].

**Зырлауық күн**-ай, зырлауық,  
Барасың неден құр қалып,  
Қаз тұрған бала қайыңның,  
Балауса тәні дір қағып [4, 56].

Ал төмендегі өлең жолдарында халқымыздың өмір туралы дүниетанымын, пәлсапалық пайымдауын көрсететін «жарық нұр», «көркем дүние» семантикалық модельдері автордың субъективтік мақсатына сай

құбылып, мәтіндегі семантикалық кеңістікте бірде үмітті көзқарасты, бірде субъектінің екіұшты, сенімсіз ойын жеткізуге негіз болған. Мысалы:

Тәңірден **жарық нұр** тілеп едім,  
Аруды көріп ақмаңдай,  
Арбалып қалдым күлкіне керім,  
Күміс қоңырау қаққандай [4, 68].

Көркің ғажап-ақ, **көркем дүние**,  
Жарқын болмасаң, сені сүрмеймін,  
Еркімде емессің... ертең кім ие  
Боларын білмеймін [4, 70].

Дәл осындай субъективтік мәні контекст және ұлттық танымның ықпалымен айқындалатын «заман» синонимін талдауға болады. Мұнда автор ұлттық салт-дәстүр мен төрт түлікті баптаудың қыр-сырын меңгеруден алыстап бара жатқан адамдарға көңілі толмай, наразылығын жеткізген. Шумақтың бірінші тармағы көп мағыналы. Себебі соңғы тармақтардан бөліп қолдансақ, оны оң бағалауға тірек болған құрылым ретінде қабылдаймыз. Бірақ соңғы тармақтар ақынның субъективтік көзқарасын бекітеді. Талданған елең жолдарында автор «өмір» сөзінің «заман», «тайлақ-дәурен» синонимдік модельдері қатысқан бірінші сөйлеміне ерекше екпін түсіріп, мәтіндегі семантикалық ұйысым заңдылығымен тармақтар арасындағы байланысты жандандырып, өкіну, күдіктену көзқарасын суреттеуге тірек еткен.

**Заманың** мынау жеткендей заңды асқарына,  
Көшпелі кербез тірліктен мән қашқаны ма?  
Сұлу жорғаны әспеттеп сөйлеп қайтейін,  
Сұлы дорбаны білмейтін қандастарыма?! [4, 39].

**Тайлақ-дәуренін** тасырандатып,  
Жазықсыз көздің жасын аунатып,  
Иманы кәміл Иманжүсіптің,  
Үркіп те қашқан басынан бағы [4, 31].

### **Қорытынды**

Қорыта келгенде, синонимдердің грамматикалық белгілерін танымдық, функционалды деңгейде салыстыру бұл бірліктердің мәтін аясында күрделі семантикалық астармен талданатын құрылымын даралауға тірек болады.

Синонимдердің семантикасы, атқарар функциясы кейде бірнеше сөйлемнің ішкі бірлігінен, кейде көркем шығармада шумақаралық байланыстағы сөйлемдердің семантикалық байланысынан сараланып жатады. Кейде бір тұлғаның бірнеше мағынаны меңгеруі кездесетінін аңғарамыз, оның қолданыстық функциясын анықтау да мәтін деңгейінде талдауды қажет етеді.



Ал мағыналық түрленуге ие болған бірліктер басқа құбылыстардың қалыптасуына негіз болып, грамматикалық заңдылықтардың ішкі байланысын біріктіреді. Осы орайда ғылыми мақалада синонимдік бірліктер мен модальділік санатының ара қатынасы сараланып, дәлелді деректер негізінде тұжырымдар жасалды.

## ПАЙДАЛАНҒАН ДЕРЕКТЕР ТІЗІМІ

1 **Салқынбай, А.** Қазіргі қазақ тілі : оқулық [Текст]. – Алматы : Эверо, 2008. – 464 б.

2 **Телия, В. Н.** Русская фразеология : семантический, прагматический и лингвокультурологический аспекты : учебник [Текст]. – М. : Школа «Языки русской культуры», 1996. – С.97.

3 **Жапақов, С. А.** Эпикалық фразеологизмдердің когнитивтік негіздері : 10.02.02 қазақ тілі мамандығы бойынша филол.ғыл. канд. ... дис. [Текст] – Алматы : А. Байтұрсынов атындағы тіл білімі институты, 2003. – 117 б.

4 **Кәпұлы, Д.** Бүлдірген ағып түскенше [Текст].– Астана : Фолиант, 2011. – 144 б.

5 **Жақыпов, Ж.** Сөйлеу синтаксисінің сипаттары : оқулық [Текст].– Қарағанды : ҚарМУ, 1998. – 159 б.

6 **Құлманов, С.** Қазақ тіліндегі мүмкіндік модальділігінің функционалды-семантикалық өрісі : монография [Текст]. – Алматы : Ценные бумаги, 2006. – 155 б.

7 **Валгина, Н.** Теория текста : учебник [Текст].– М. : Логос, 2003. – 173 с.

8 **Есенова, Қ.** Қазіргі қазақ медиа-мәтінінің прагматикасы : 10.02.02 қазақ тілі мамандығы бойынша филол.ғыл.докт. ... дис. автореф. [Текст] – Алматы : А. Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институты, 2007. – 52 б.

9 **Ибраимова, Ж.** Қатысымдық мағына негіздері : оқулық [Текст]. – Алматы : Қазақ университеті, 2011. – 112 б.

10 **Қасенов, Е.** Тілдің қатысымдық және тілдік табиғаты : монография [Текст]. – Алматы : Ғылым ордасы, 2013. – 248 б.

## REFERENCES

1 **Salqynbai, A.** Qazirgi qazaq tılı: oqulyq [Modern Kazakh language] [Text]. – Almaty : Evero, 2008. – 464 p.

2 **Telia, V. N.** Ruskaia frazeologia : Semanticheski, pragmaticheski i lingvokulturaligicheskiaspekty : uchebnik [Russian phraseology : Semantic,

pragmatic and linguoculturological aspects] [Text]. – Moscow : Schola «Lingua Russian culturae», 1996. – 97 p.

3 **Zhapakov, S. A.** Epikalyq frazeologizmderdin kognitivtik negizderi : 10.02.02 qazaq tılı mamandyǵy boıynsha filol. ǵyl. kand. ... dis. [Cognitive foundations of epic phraseological units : 10.02.02 philol in the specialty Kazakh language. science. kand. ... dis.] [Text] – Almaty : Instituti Grammatica. A. Baitursynova, 2003. – 117 p.

4 **Käpüly, D.** Büldirgen aǵyp tüskense [Until the strawberries flow] [Text]. – Astana : Foliant, 2011. – 144 p.

5 **Zhakupov, J.** Sojleusintaksisininsipattary : oqulyq [Characteristics of speech syntax] [Text]. Karaganda : Kargu, 1998. – 159 p.

6 **Qulmanov, S.** Qazaq tilindeǵı mümkindik modalılıǵınıñ funksionaldy-semantikalıq örisi: monografiya [The functional and semantic field of the modality of possibilities in the Kazakh language] [Text]. – Almaty : Securities, 2006. – 155 p.

7 **Valgina, N. S.** Teoria teksta: uchebnik [The theory of the text] [Text]. – Moscow : Logos, 2003. – 173 p.

8 **Esenova, Q.** Qazirgi qazaq media-mátininiñ pragmatıkasy : 10.02.02 qazaq tılı mamandyǵy boıynsha filol. ǵyl. dokt. ... dis. avtoref. [Pragmatics of the modern Kazakh media text: 10.02.02 philol in the specialty kazakh language science. doct. ... dis. abstract.] [Text]. – Almaty, 2007. – 52 p.

9 **Ibraimova, J.** Qatysymdyk magyna negizderi: oqulyq [Basics of communicative meaning] [Text]. – Almaty : Kazakh University, 2011. – 112 p.

10 **Kasenov, E.** Tildinqatysymdyq zhane tildiq tabigaty : monografiya [Communicative and linguistic nature of language] [Text]. – Almaty : Center of science, 2013. – 248 p.

Материал баспаға 13.06.22 түсті.

\*Ж. А. Қусаинова<sup>1</sup>, С. Н. Саменова<sup>2</sup>

<sup>1,2</sup>Казакский агротехнический университет имени С. Сейфуллина, Республика Казакстан, г. Нур-Султан;

<sup>2</sup>Карагандинский университет имени Е.А. Букетова, Республика Казакстан, г. Караганда.

Материал поступил в редакцию 13.06.22.

## КОНТЕКСТНО-МОДАЛЬНАЯ ФУНКЦИЯ ГРАММАТИЧЕСКИХ СИНОНИМОВ

*В научной статье проанализирована специфика формирования грамматических синонимов в определенном контексте, а также*

*рассмотрена их роль в создании внутренних оттенков субъективной модальности. Также обосновано влияние неязыковых мотивов, т.е. национального самосознания, национального менталитета, социальной среды, влияющих на смысловое развитие, приобретение коннотационных оттенков синонимов. Кроме того, проведен анализ на основе функции грамматических синонимов в контексте и расширены теоретические выводы, касающиеся субъективной модальности. В частности, в комплексной системе были дифференцированы семантические модели одного грамматического синонима «жизнь», что способствовало формированию внутренних значений субъективной модальности, а также особо подчеркнута необходимость сопоставлений на уровне текста в разграничении сложной грамматической структуры категории модальности. Это означает, что данная закономерность имеет свою структуру, свой путь к самостоятельному созданию, представляет собой сложную, масштабную закономерность, которая систематизируется в тексте в смысловых рамках. В сочетании с преобразованием грамматических синонимов в тексте придавалось значение тому, что субъективная модальная сущность не может быть систематизирована только лишь посредством постоянно открытых опорных структур. При этом в качестве основной формы анализа характеризовалась речевая деятельность синонимов в фоновой функции. В результате было доказано, что возможности грамматических синонимов расширяются под влиянием этнолингвистических мотивов и расширяют способы создания модального значения.*

*Ключевые слова:* контекст, грамматические синонимы, субъективная модальность, лингвокультурные мотивы, модальный оттенок.

\*Zh. A. Kussaiynova<sup>1</sup>, S. N. Semenova<sup>2</sup>

<sup>1</sup> S. Seifullin, Kazakh Agro Technical University,  
Republic of Kazakhstan, Nur-Sultan;

<sup>2</sup> E. A. Buketov Karaganda University,  
Republic of Kazakhstan, Karaganda.

Material received on 13.06.22.

**CONTEXT-MODAL FUNCTION OF GRAMMATICAL SYNONYMS**

*The scientific article analyzes the specifics of forming grammatical synonyms in a certain context and considers their role in the creation of internal shades of subjective modality as well. The influence of non-linguistic motives has been also substantiated, i.e., national identity, national mentality, social environment, influencing the semantic development, the acquisition of connotational shades of synonyms. In addition, an analysis was carried out based on the function of grammatical synonyms in context and the theoretical conclusions regarding subjective modality were expanded. In the complex system, the semantic models of one grammatical synonym «life» were differentiated, which conduced to developing the internal meanings of subjective modality, and the need for comparisons at the text level in making distinction between the complex grammatical structures of the category of modality was especially emphasized. It means that this pattern has its own structure, its own way to independent creation, and it is a complex, large-scale pattern, which is systematized in the text within the semantic framework. In combination with the transformation of grammatical synonyms in the text, the importance was attached to the fact that the subjective modal entity cannot be systematized only through constantly open support structures. At the same time, the speech activity of synonyms in the background function was characterized as the main form of analysis. As a result, it was proved that the participial possibilities of grammatical synonyms expand under the influence of ethnolinguistic motives and extend the ways of creating a modal meaning.*

*Keywords: context, grammatical synonyms, subjective modality, linguistic and cultural motives, modal connotation.*

Теруге 13.06.2022 ж. жіберілді. Басуға 30.06.2022 ж. қол қойылды.  
Электронды баспа  
2,19 МБ RAM  
Шартты баспа табағы 18,65. Таралымы 300 дана. Бағасы келісім бойынша.  
Компьютерде беттеген: А. К. Мыржикова  
Корректор: А. Р. Омарова  
Тапсырыс № 3937

Сдано в набор 13.06.2022 г. Подписано в печать 30.06.2022 г.  
Электронное издание  
2,19 МБ RAM  
Усл. печ. л. 18,65. Тираж 300 экз. Цена договорная.  
Компьютерная верстка: А. К. Мыржикова  
Корректор: А. Р. Омарова  
Заказ № 3937

«Toraighyrov University» баспасынан басылып шығарылған  
Торайғыров университеті  
140008, Павлодар қ., Ломов к., 64, 137 каб.

«Toraighyrov University» баспасы  
Торайғыров университеті  
140008, Павлодар қ., Ломов к., 64, 137 каб.  
67-36-69  
e-mail: kereku@tou.edu.kz  
www.vestnik.tou.edu.kz